



# Сыр бойы

3 тамыз, сенбі 2024 жыл



№118-119 (20792-20793)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

[www.facebook.com/syrboyi.kz/](https://www.facebook.com/syrboyi.kz/)
[www.instagram.com/syrboyi\\_kz](https://www.instagram.com/syrboyi_kz)
[t.me/syrboyi\\_kz](https://t.me/syrboyi_kz)
[twitter.com/syrboyi](https://twitter.com/syrboyi)

/// ПРЕЗИДЕНТ

## ТАРИХИ МАҢЫЗҒА ИЕ САПАР



«Ақорда» резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Конго Республикасының Президенті Дени Сассу-Нгессо сәлтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Қазақстан мен Конго президенттері шағын және кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Бұдан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Конго Республикасының Президенті Дени Сассу-Нгессо БАҚ өкілдері үшін брифинг өткізді.

Шағын құрамда өткен келіссөз барысында тараптар Қазақстан мен Конго арасындағы екіжақты ынтымақтастықтың даму перспективаларын талқылады. Әзекті мәселелер жөнінде жан-жақты пікір алмасты. Осыдан кейін екі елдің ресми делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысы Конго Президентінің қазақ жеріне алғашқы сапары екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың 25

жылдығымен тұспа-тұс келіп отырғанын атап өтті.

– Біз Конго Республикасын Африка құрлығындағы маңызды серіктес ретінде қарастырамыз. Қазақстан мен Конго ынтымақтастығының әлеуеті өте жоғары. Әсіресе, сауда-экономика, ауыл шаруашылығы, көлік-логистика, тау-кен, өндіріс пен инвестиция, жаңа технологиялар мен ғарышты игеру бағыттары бойынша екі ел арасындағы ықпалдастықты жаңадандыру қажет. Бүгінгі қол қойылатын

құжаттар саяси және экономикалық ынтымақтастықты дамытуға тың серпін береді деп сенемін. Осы ниетіміздің айғағы ретінде біз Конгоға Елші тағайындаймыз, – деді Президент.

Мемлекеттер басшылары Қазақстан-Конго серіктестігінің даму перспективаларын талқылады. Атап айтқанда, тараптар сауда-экономика, энергетика, көлік-логистика, қаржы, цифрландыру, тау-кен өндірісі және мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара ықпалдастықты кеңейту мәселелеріне айрықша назар аударды. Келіссөз соңында Дени Сассу-Нгессо Қасым-Жомарт Тоқаевты Конго еліне сапармен келуге шақырды.

Мұнан кейін Қазақстан мен Конго президенттері БАҚ өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады. Қазақстан Президенті, ең алдымен, өзінің шақыруын қабыл алып, елімізге ресми сапармен келгені үшін Дени Сассу-Нгессоға ризашылығын білдірді. – Бұл сапар екі ел арасындағы қатынастарды дамытуға жол ашады. Құрылқаралық байланысты одан әрі нығайтуға ықпал етеді. Біз бірқатар маңызды мәселеге қатысты келіссөз жүргіздік. Мазмұнды әрі мағыналы кездесу болды, – деді Мемлекет басшысы.

Президент қазір халықаралық саясатта және әлем экономикасында Африка мемлекеттерінің ролі артып келе жатқанына тоқталып, бұл елдермен ынтымақтастықты дамыту Қазақстанның сыртқы саясатындағы негізгі бағыттың бірі екенін айтты. – Біздің мемлекеттеріміз бір-бірінен алыста жатыр. Соған қарамастан тығыз қарым-қатынас жасауға дайынбыз. Конго Республикасының өзара тиімді ықпалдастық орнатуға деген ниетін толық қолдаймыз. Биыл Астана мен Браззавиль арасында дипломатиялық байланыс орнанына 25 жыл толды. Осы кезеңде достық пен өзара түсіністікке негізделген қарым-қатынасымыз нығая түсті. Оны тың қарқынмен дамытуға мүмкіндік бар, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Дени Сассу-Нгессоның елімізге сапары тарихи маңызға ие екенін айтты. – Бұл сапар Қазақстан мен Конгоның қарым-қатынастарына тың серпін береді деп санаймын. Сонымен қатар Орталық Азия мен Африка арасындағы ынтымақтастықты нығайта түсуге ықпал етеді деген сөзін, – деді Президент.

Конго Республикасы Президентінің Қазақстанға ресми сапары аясында бірқатар құжаттарға қол қойылды.

/// ТАҒАЙЫНДАУ

## НҮРЖАН АХАТОВ – ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ



1 тамыз күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен Қызылорда қаласының актив отырысында Қызылорда қаласының әкімі қызметін атқарған Серік Қожаниязовты әріптестері жаңа қызметке шығарып салды.

Қаңтар айынан бүгінгі күнге дейін осы қызметті атқарған Серік Салауатулы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының тәуелсіз директорлығына тағайындалуына байланысты қызметінен босатылды.

– Серік Салауатулы – облыс көлемінде ғана емес, республика деңгейіндегі абыройлы, білікті, тәжірибелі кадрлардың бірі. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінде, Премьер-министр Кеңесінде, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі, Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі лауазымдарында абыройлы қызмет атқарған білікті маман, тәжірибелі басшы. Меңі тікелей шақыруыммен 2022 жылы маусымда Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары ретінде елге қызмет етуге келген болатын. Осы уақыт аралығында өзіне жүктелген жауапты міндеттерді орындауда мол тәжірибесін, білім-біліктілігін пайдаланып, жемісті еңбек үлгісін көрсетті, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

2-бет

/// ЕРТЕҢ – КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

## ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ ЖАҢДАНЫП КЕЛЕДІ

Тамыздың бірінші жексенбісінде Көлік саласы қызметкерлерінің күні аталып өтеді. Биыл да облыстағы сала мамандары кәсіби мерекеге жоғары жетістіктермен жетті.

– Облыста жолаушылар тасымалы жанданып келеді. Халықаралық рейстер де жақын арада ашылмақ. Маусым айынан бастап «Fly Arystan» әуе компаниясымен Түркияның Анталья қаласына тікелей рейс ашылды. Одан бөлек, облыста 212 елді мекенді аудан және облыс орталығымен байланыстыратын автобус маршруттары ұйымдастырылған. Автобустар қалааралық, 101-і аудандық, қалашілік және қаламаңа бағытында жолаушылар тасымалдайды. Сондай-ақ Ташкент, Астана, Алматы, Шымкент қалаларына, Жезқазған, Түркістан, Сарыағаш, Ақтөбе және тағы басқа өңірлерге автобус ұйымдастырылған, – деді облыстық жо-

лаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары Руслан Ибрагим.

Қорқыт Ата әуежайының жаңа терминалы алдағы уақытта ел ігiлiгiне пайдалануға берiледi. Жаңа нысан Болат Өтемұратов қорының қолдауымен салынған. Жалпы ауданы 7 500 шаршы метрді құрайтын екі кабатты ғимарат сағатына 250-ге жуық жолаушыға қызмет көрсетеді деп жоспарланып отыр.

– Жаңа әуежай халықаралық талаптарға сай болады. Онда халықаралық, ішкі рейстер және транзиттік жолаушыларға қызмет көрсетуге арналған бірнеше зал бар. Сондай-ақ жолаушыларға ыңғайлы болу үшін телескопиялық

трап, 2 эскалатор мен 2 лифт, автоматты түрде жүк тапсыру жүйесі, сауда орындары, медициналық көмек көрсету пункті, дәмхана, жүк сақтау және ана мен бала бөлмелері қамтылған, – деді Қорқыт ата әуежайының Басқарма төрағасы Баян Ажмолдаев.

«Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық компаниясы АҚ Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі филиалының бас инженері Берік Бекжанов облыс басшылығының қолдауымен «Қазақстан Темір Жолы» компаниясы тарапынан Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалына қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілгенін, сыртқы және ішкі жөндеу жұмыстары арқылы ғимарат жаңа кейіпке енгенін атап өтті.

«СБ» ақпарат



Фото: Ашық дереккөзден

/// САПАР

## ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТ: НАРЫҚ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ МІНДЕТ

ҚР Энергетика вице-министрі Өлібек Жамауов аймаққа іссапармен келді. Іссапар барысында вице-министр халықпен кездесіп, тұрғындар сауалына жауап берді. Сондай-ақ өңірдің отын-энергетикалық кешенінің қазіргі жағдайын сөз етті. Кездесуге облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев қатысты.

Қызылорда облысы – мұнай өндіру көлемі бойынша республикада 5-ші өңір. Өткен жылы 3,7 млн тонна «қара алтын» өндірілген. Жыл сайын көрсеткіш төмендеуде.

– Қызылорда облысында игеріліп жатқан кен орындарының басым бөлігі игерудің кеш сатыларында тұр. Бұл мұнай өндірудің жыл сайынғы табиғи төмендеуін көрсетеді. Бүгінде жер қойнауын пайдаланушыларды қолдау және кен орындарының өмірлік циклін ұзарту мақсатында Энергетика министрлігі Ұлттық экономика және Қаржы министрліктерімен бірлесіп, өндірудің жаңа технологияларын дамытуға және енгізуге міндетті түрде қайта инвестициялау шартымен жетілген кен орындарын, оның ішінде салықтық сипаттағы қолдау шараларының топтамасын ұсыну мәселесін пысықтауда, – деді Ө.Жамауов.

Жиында вице-министр тауарлық газ өндірісіне де тоқталды. Оның айтуынша, былтыр тауарлық газ өндірісі 197,1 млн текше метрді құраған. Ал былтыр жылдың 6 айында бұл көрсеткіш 112,5 млн текше метрге жеткен.

Тауарлық газ өндіру көлемін ұлғайту мақсатында қазіргі уақытта «Оңтүстік Ақсай» газ конденсатты кен орны өнеркәсіптік пайдалануға берілген. Ол жерден жылына 100 млн текше метр шикі газды өндіру жоспарланған. Газдың бұл көлемі «Ақшабулақ» кен орнындағы газ дайындау қондырғысында өңделетін болады.

Бұдан басқа жергілікті жер қойнауын пайдаланушылармен аймақтық газ ресурстық базасын пайдалану бойынша жүргізілген жұмыстардың қорытындысы бойынша қосымша 300 млн текше метр газ анықталуда.

Ал газдандыру мәселесіне келсек, аймақтың газдандыру деңгейі 75%-ды құрайды. Газбен жабдықтау жобаларын іске асыру әртүрлі қаржыландыру бағдарламалары арқылы, жергілікті және республикалық бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ «ҚазакГаз» компаниясының қаражаты есебінен жүргізіледі.

Биыл өңірде 13 жобаны іске асыруға 3,9 млрд тенге көлемінде қаражат көзделген. Үкіметтің 2024 жылға арналған экономикалық өсуді қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспарын орындау шеңберінде 16 жобаны іске асыру үшін қосымша 24 млрд тенге қарастырылған. Аталған жобалар іске асса, 8 елді мекен газбен қамтамасыз етіледі.

2-бет

## ДЕКЛАРАЦИЯДАН КІМДЕР БОСАТЫЛДЫ?

Бүгінде жалпыға бірдей декларациялаудың III кезеңі жүріп жатыр. Биыл декларацияны республика бойынша 2,4 млн жеке тұлға табыстау қажет болса, қазір 46 пайызы тапсырған. Ұлытау мен Түркістан облысының тұрғындары белсенділік танытуда. Ал облыста қанша адам тапсыруға міндетті? Өңір тұрғындарының ынтыс қандай деген сауалға облыстық мемлекеттік кірістер департаменті басшысының міндетін атқарушы Еркін Елшібеков брифингте жауап берді.

Өткен жылдың 1 қаңтарынан бастап активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны табыстау міндетінен бейрезиденттер, ал биыл коммерциялық емес ұйымдардың құрылтайшылары (қатысушылары) және акционерлер босатылды. Жалпыға бірдей декларациялаудың үшінші кезеңінде заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары және дара кәсіпкерлер, сондай-ақ олардың жұбайы (зайыбы), барлық жеке тұлғалар активтер мен міндеттемелер туралы декларация тапсыруда. Онда елімізде немесе одан тыс жердегі активтер мен міндеттемелерінің бар-жоғын көрсету қажет.

– Облыс бойынша 86 304 жеке тұлға тапсыру керек болса, қазір 53 285-і немесе декларанттардың жалпы санының 62%-ы орындаған. Декларацияны Сырдария және Арал аудандарының тұрғындары белсене тапсыруда, – деді ол.

Айтпақшы, декларациялаудың аяқталуына 2 ай уақыт бар. Сондықтан үлгермесеніз, cabinet.salyk.kz, «Электронды үкімет» порталы (egov.kz) және «e-Salyq Azamat», «Gov mobile», Kaspi.kz, Halyk, Bcc.kz мобильді қосымшалары арқылы тапсыруға мүмкіндік бар.

7-бет













